



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

осы міндеттің ішіне кірді. Кеңпейіл қазақ мінезі өзіне жасалған сорақы қаскүнемдікті де кешті. Бұқара халық тағы да уәде етілген «жарқын болашаққа» үмітпен қарай бастады.

Қолданған әдебиет:

1. ҚР ОМА, 160-қор, 45-тізім, 13-іс, 6-парақ
2. Сыдықов А. Т. Жүргенов – Советтік Қазақстан мәдениетінің көрнекті қайраткері. Ғылыми қолжазба. Алматы, 1966. Б.84-85
3. Дайрабай Т. Жүргеновтер әулетінің ақиқаты // Сыр бойы 2014, 26 сәуір. №8
4. Иманғалиев Б. Қазақ мәдениетіндегі кесек тұлға // Қазақ тілі мен әдебиеті №5-6, 1999
5. Жүргенов Т. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: Арыс, 2001. -275 б., 266 б.
6. Оразбақов А., Еңсепов Б., Ибраев У. Темірбек Жүргеновтің Тәжік еліндегі қызметі // www.syrboyi.kz
7. Утеғалиева А. Культурная революция Казахстана в 30-е годы и Т.Жургенов. Дисс.насоиск.учен.степ.канд.ист.наук. – Алматы, 1996. С.58.
8. Караниязов Т. Советтік Өзбекстан мәдениеті тарихының очерктері. М.,1955. 61 бет.
9. Садыкова А.Е. Роль Т.Жургенова в развитии национальной культуры и искусства Казахстана в 30-е годы // Матер.международ.научн.-практ.конф., 19-20 апреля 2002, т.2. – Алматы: 2002, с. 67-71.
10. Бектұров Ж. Нәубет. Алматы, 1990. 146 б.

ӘОЖ 340

ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫНЫҢ ВИЗАНТИЯ МЕМЛЕКЕТІМЕН ҚАРЫМ – ҚАТЫНАСЫ

Қуандықов Серғазы

Kuandikov.sergazy@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, тарих факультетінің 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі т.ғ.д., профессор Т.С.Садықов

Л.Н. Гумилев Түрік қағанатының сыртқы қарым – қатынасындағы негізгі факторы – Ұлы Жібек жолы екендігін айрықша көрсетеді. Ұлы Жібек жолының сыртқы саясаттағы маңызын негізінен екі бағытта көрсетуге болады.

Жібек саудасы.

Сауда жолының геостратегиялық маңызы.

Жібек саудасының маңызын Л. Н Гумилев былайша көрсетеді: “ VI –ғасырда жібек валюта болды. Византияда алтын, асыл тастармен қатар бағаланды. Жібекке Византияда одақтас тапты, жалдамалылар жалдады, құл және кез – келген тауарды сатып алды. [1]

Жібек маталарын сатып алушы Византия еді. Иран, Византия империясында, әсіресе, Сирия мен Египетте жібек матасын шығару жоғары дәрежеде дамыды. VI ғасырда Византияда, Иранда өзіндік шикізат көзі пайда болды. [2]

Сонымен өте қайшылықты геосаяси картина қалыптасты. Бір жағында жібекке зәру Византия империясы, саяси ойынға үшінші ойыншы сасанидтік Иран кіріседі. Себебі: Византияны осынау аса бағалы матамен жабдықтайтын күре тамыр Солтүстік Иран үстімен өтетін, сол себепті де сасанидтер үкіметті керуен саудасын бақылауды бір сәтте өзқолынан шығарған емес. Шикі жібектің басым бөлігінен өңдеу үшін өздеріне қалып, ирандықтар өз бұйымдарын өздері қойған бағамен батыс елдеріне әрдайым сатып тұруға зор мүмкіндік алынады.

Жібек саудасы енді пайда түсіруші тауар көзінен экономикалық саяси кіріптар қылушы құралға айналады. “ Византия империясын әлсірету үшін парсылар әлбетте тауар айналымын ұлғайтуға емес, Византидан ақшаны саумалап, неғұрлым көп алып, оны саяси

және әскери жағынан қалжыратпақ болып, жібектің нарқын қымбатата түсуге тырысады”.

Мұндай ыңғайсыз жағдайға қалған Византия көнбейді. “Византия бұл қиянатты жағдайға төзе алмайды, өйткені жібекке артық ақша төлеу арқылы ол өзінің ата жауы Иранды күшейтеді ғой”.

Византия үшін мәселенің шешуі – Түркі қағанаты еді. Түркі қағанаты өз кезегінде эфталиттерге қарсы одақтасы Иранмен эфталиттер мемлекетін талқандағаннан кейін геостратегиялық керуен жолдарына байланысты келісе алмай қалады.

Иранмен қатынасты үзіп алған түркілер енді өте тиімді сатып алушыны Византиядан іздейді. 567 жылы Маниах Константинопольге жіберілген Түркі қағанның елшілігін басқарады. Византия да Иран сияқты соғды жібегіне аса мұқтаж болмағанымен, ол парсыларға қарсы бағытталған түркілермен одақтасуға мүдделі болды. (Константинопольдің дәл осы сыртқы саясатының беталысын соғдылар сауда келісімін жасау үшін керек етті.) Константинопольдің сыртқы саясатының дәл осы қырын пайдаланып Соғдылықтар сауда келісімін бекітуге ұмтылды. Түркі елшілері император сарайында үлкен құрметпен қабылданып, Түркілер мен Византия арасында Иранға қарсы әскери келісім шарт бекіді. Византия империясының елшісі Земархпен бірге Маниах Түркі қағанының ордасына келді. [3] Қағанат Земархты Тянь – Шаньдағы “ Алтын тауға” жақын жердегі өз қонысында қабылдады және осы келген саяхатшыға бірден Иранға жорыққа аттанатын түркі әскерлеріне жлбасшы болуын ұсынды. Шахтың дипломатиялық жолмен түркі шабуылын тоқтатпақ болған талпынысы сәтсіз болып, түркілер Гургандағы бірнееш бай қалаларды жаулап алады. Алайда, 568 жылы –ақ түркі әскерлері Соғдыға қайта оралды. Осының артынан естемі соғыс қимылдарын Еділге ауыстырып, 571 жылға қарай Солтүстік Кавказды жаулап алды және көп ұзамай аландарды бағындырып, Босфорға (Керчь) шықты. Сөйтіп, қаған Византияға баратын айналма жолды, Хорезм, Еділ бойы және Кавказ немесен Қырым арқылы өтетін ауыр жолды тазартып алды. Византия тарихшысы Минандр 568 – 576 жылдары түркілерге Византиялықтар жеті рет елші жібергенін еске салады. Византиямен түркілердің арасында жүйелі сауда байланысының болғанын Орта Азиядан көптеп табылған VI ғасырдағы византиялық ақшаларкуаттай түседі. Дегенмен, 575 –576 жылдары түркі – византия ара – қатынасы шиеленісе бастайды. Бұл Естемі қаған өлген соң таққа отырған ұлдарының бірі Түркенафтың көзі еді. Ол Юстин II – нің аварлармен жүргізген бейбіт келіссөзі көңіліне жақпағандықтан, Византия одақтастық келісімді бұзды деп айыптап, Киммериялық Босфорды жаулап алды және Қырымға баса көктеп кірді (576ж). Бірақ тез арада түбектен кетуге мәжбүр болды. Түркілердің Иранға жасаған екінші жорығы 588 –589 жылдарға тура келеді. Түркілердің патшасы Шаба бастаған түркі әскерлері Хорасанға лап қойды. Гераттың жанында белгілі қолбасшы Бахрам Чобин басқарған Иран әскерлері оларға қарсы тұрды. Ол түркі әскерлерін талқандап, “ түркілер патшасын “ атып түсірді. Түркілердің қайта бас көтермек болған әректінен түк шықпай, Иранмен бейбіт келісімге келді. Сасанидтерді арабтар талқандағанға дейін Орта Азия түркілер мен Иран арасындағы шекара өзермей қалды. Содан соң әлденеше жылдар бойы Иран, Хорезм мен Еділ бойы арқылы жібек және тауарлар керуені Батысқа қарай бірде қарқынды, бірде бәсең дәрежеде жүріп жатты.

Византия – түрік қарым – қатынасының салқындауына жібек саудасындағы бәсекелестікпен бірге авар мәселесі де әсер етеді. 568 жылы шарт бойынша Византия аварлармен бітімге келіп, одақ жасаспау туралы міндеттенген болатын, сол себепті де авар елшілігін Юстинге бітім жасауға және Паннонияны қаратып алуға рұқсат сұрай келгенде, олардың беті бері қайтарылады. Бұған қарамастан, аварлар Паннонияны басып алып, византиялықтарды жеңеді, олар сосын 570 жылы бітім жасауға мәжбүр болады. Ал енді аварлар Византиямен бітімге келіп, қуатты мемлекет құрған шақта, түркілер бұған аландамай тұра алмады.

VI ғасырдың 60 – жылдарының аяғында Түркі қағандығы сол уақыттың ірі мемлекеттері Византия, Сасанид, Иран және Қытаймен саяси және экономикалық қатынастардың жүйесіне еніп, Қиыр Шығыстағы Жерорта теңізімен байланыстыратын сауда жолдарына бақылыу жасау жолында күрес жүргізеді. Византия елшісі Монғолия емес,

Батыстағы қағандар сарайына – Қытай хабарламасы бойынша барлық халықтардың басшысы тек Батыс қағанының сарайына барды. Бір сөзбен айтқанда, империядағы дуализм 582 жылы олар бөлінуге дейін пайда болды. Батыс Түркілер Шығыстың жоғары билігін сөз жүзінде ғана мойындады. Батыс қаған Византия елшісін қабылдап, онымен одақ туралы еркін келісім жасап, Батыс Түркілермен тәуелсіз мемлекет ретінде өзінше қатынас орнатты. Түркі қағанаты құрылғанына үш – ақ жыл өткен мерзімде (555 жылы) қағандықтың батыс аумағында әскери-әкімшілік басқару жүйесі болды. Тап осындай жүйе қағандықтың Шығыс аумағында да пайда болған еді. Бірақ екеуінің арасындағы байланыс нашар болды. Батыстағы түркілер өздерінің құрамында Еділдің Азов бойынан, Солтүстік Кавказдағы кейінгі Хун тайпаларының біразын біріктіріп, Византия шекараларына дейін барды, Орталық Еуропа мемлекеттеріне бірқатар жорықтар жасады. Түркі империясы өзінің 25 жылғы ірі жаулап алу жорықтары кезінде Түркі қағандығы Маньчжуриядан Босфор – Киммерияға дейін, Енисейдің жоғарғы ағысынан Амударияның жоғарғы ағысына дейін созылып жатты, яғни Түркі империясы ірі табыстарға ие болды. Осылайша Түркі қағандығы саяси және мәдени мұрасы арқылы Орта Азиямен Оңтүстік Шығыс Еуропаға едеуір әсер еткен алғашқы Еуразиялық империяның құрушылары болды. Қағандықтың оңтүстік аймағын Бумын қағанның ағасы Естеми билеген кезде түркілер Батыста өздерінің әскери қуатының биік шыңына жетті. Үздіксіз басып алу жорықтары Түркі қоғамының әлеуметтік жағынан қайта құру жолындағы қайшылықтарын бәсеңдетіп қойды, бірақ алғашқы сәтсіздіктер бұл жағдайды тез арада өзгертіп жіберді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ақышев К. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Алматы. 1994. 102 бет
2. Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир (издание третье, допалненное). – Алматы, 2000. С 268
3. Пигулевская Н. В. Византия дипломатиясы және жібекпен сауда жасау. М- Л., 1947. 317 бет.

ӘОЖ 321.1 (574) (091)

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ХАНДЫҚ БИЛІК ИНСТИТУТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сактаган Айсауле Сериккызы

aisaule_10@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультеті, 1 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - т.ғ.д., профессор Оразбаева А.И.

Өткен тарихты таразыласақ, қазақ халқының өз мемлекеттілігін құру жолындағы саяси күресі сан ғасырға созылатын күрделі саяси процесс. Бұл мәселе қазақ халқын құрайтын ежелгі ру-тайпалар кезеңінен бастау алып, Қазақ хандығының құрылуы, оның дамуы, саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани байланыстары халықтың саяси мінез-құлықтың қалыптасу ерекшеліктері уақыттың қатаң сынақтарынан өтті. Осы тұста "Қазақ хандығы" деп аталатын төл мемлекетіміз саяси-әлеуметтік және мәдени-құндылықтарды негізге ала отырып, дәстүрлі қазақ қоғамына тән хандық билік институтын қалыптастырды.

Хандық биліктің негізгі функцияларына экономикадан тыс қайшылықтарды реттеу, ру-тайпалар арасындағы келіспеушіліктерді шешу, әскери-саяси және сот қызметтері жатады. Жалпы билік феномені саяси қатынастардың негізі ретінде ежелден бері зерттеліп келеді. Билік мәселесіне қатысты ауызша, жазбаша көзқарастар мен тұжырымдамалар жетерлік. Қазақ хандығының саяси жүйесіне, құрылымына көз жүгіртсек, қазақ елінде атқарушы, сот жүргізу сияқты органдар болмаған деп айтуға болады.

Қазақтарда хандық билікке қатысты бірнеше міндеттері болды. Олардың негізгілеріне